

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

**6 – СЕКЦИЯ**  
**ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ**

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ  
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

### **6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ**

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	Максимова Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ  
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ  
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

## 6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабинова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА  
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР  
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ  
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” ( 三体 ) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY**

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

аталған барлық ерекшеліктер мен талаптарды ескере отырып жасалған аударма түпнұсқа прагматикасын толыққанды сақтай алады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Werth P. Roman Jakobson's verbal analysis of poetry. L., N. Y., 1976.
2. Fowler R. Literature as social discourse: The practice of ling, criticism. London, 1981.
3. Culler J. D. Structuralist poetics: Structuralism, linguistics and the study of literature. N. Y., 1975.
4. Гаибова М. Т. Прагмалингвистический анализ художественного текста. – Баку: АГУ, 1986 – 88 с.
5. Тарақов Ә.С. Аударманың теориялық және прагматикалық мәселелері: оқу құралы / Ә.С. Тарақов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 153 бет.
6. В.Н. Комиссаров. Современное переводоведение. Учебное пособие. - М.: ЭТС. — 2002. — 424 с.
7. Нойберт 1978 – Нойберт А. Прагматические аспекты перевода // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике: Сб. статей. М.: Международные отношения, 1978.
8. Диккенс, Чарльз. Оливер Твисттің басынан кешкендері : роман / Чарльз Диккенс ; [ауд. З. Әбдешев]. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2022. – 496 б. – (Шытырман оқиғалар). ISBN 978-601-338-997-4

ӘОЖ 81'25

## «ЖАҢБЫР» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ТІЛАРАЛЫҚ БЕРІЛУІ (Э. ХЕМИНГУЭЙДІҢ «ҚОШ БОЛ, МАЙДАН!» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Сүндетова А.Н.

[aruzhan.sundetova@bk.ru](mailto:aruzhan.sundetova@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К., ф.ғ.д., профессор

### Кіріспе

Тіл коммуникативтік қызметінен бөлек, адамның ой-санасын бейнелейтін танымдық-мазмұндық құрал ретінде ХХ ғасырда алғаш айқындалып, лингвистиканың жаңа бағыты – когнитивтік (танымдық) лингвистиканың қалыптасуына алып келді.

Когнитивтік лингвистиканың орталық (ядрасы) мәселесі – концепт, концептілер жүйесі. Концепт дегеніміз – ұлттық салт-дәстүрлер мен фольклор, дін мен діл, идеология мен өмірлік тәжірибе, адами құндылықтар жүйесі тәрізді бірқатар факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болатын философиялық ұғым [1;3].

Концептінің атқаратын қызметі көркем мәтін, оның ішінде көркем аударма тілінде ерекше сипатқа ие. Көркем мәтін тілі – жазушының белгілі бір жағдаятты не көркем ойды оқырманға эмоционалды-экспрессивті түрде жеткізудің шығармашылық ең жоғары деңгейі. Ал, көркем аударманың құндылығы сол көркем мәтін тіліндегі түпнұсқалықты мейлінше тілдік-танымдық сипаты жағынан сақтай отырып, екінші тілге (аударма тілі) жеткізуінде жатыр.

Зерттеудің мақсаты - көркем мәтін тіліндегі «жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипатын ашу, оның тіларалық берілу амалдарын сараптау, когнитивті-коммуникативті қызметін айқындау және сол арқылы әртіптес тілдердің тілдік мәдени болмысын қарастыру.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық материалы ретінде Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» («A farewell to Arms») көркем шығармасының түпнұсқа (ағылшын), дәнекер (орыс) және аударма (қазақ) тілдеріндегі нұсқалары алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының мақсат-міндетіне байланысты мақалада негізгі әдіс ретінде когнитивтік-коммуникативтік әдіс, лингвокогнитивтік әдіс алынды. Сонымен қатар, қосымша амал ретінде салыстырмалы, салғастырмалы әдістер пайдаланылды.

Американдық классик жазушы, 1954 жылғы Нобель сыйлығының иегері Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» шығармасы 1929 жылы жарық көрген. Көркем мәтінде соғыс жылдарындағы майдан мен махаббат тақырыбы суреттеліп, кейіпкерлердің соғыс жағдайындағы ішкі жан күйзелісі баяндалады.

Роман 1936 жылы орыс тіліне (аудармашы Е.Д.Калашникова) және 2022 жылы қазақ тіліне (аудармашы Қ.Қараманұлы) аударылған.

Мақаланың негізіне алынып отырған көркем мәтінде «gain» (жаңбыр) сөзі 141 рет кездеседі. Бұл сөздің қолданысында жиілік концептінің пайда болуын қамтамасыз етіп, шығарманың мәнмәтінінде әрдайым негативті семантикаға ие болатындығы анықталды. Көркем мәтінді аудару барысындағы «жаңбыр» концептісінің өзге тіл мәдениетінде өзгеше семантикалық өрісті қамтуы – осы шығарманы аударудағы басты мәселелердің бірі.

### Негізгі бөлім

Концепт – адам мен әлемді байланыстыратын негізгі әрі күрделі мәдени құрылым. Зерттеуші В.Зусманның пікірінше, көркем туындылардағы концептілерді зерттеу барысында «автор-шығарма-оқырман» байланысы тұрғысынан қарастыру қажет, себебі концепт көркем шығармадағы бөтен мәдениеттің «агенті» қызметін атқарады. Яғни, мәтіндегі белгілі бір сөз не идея мәнмәтін аясында өзіндік мәнге ие болып, әдеби концептіге айналады. Соның ішінде, табиғат құбылыстарымен байланысты концептілер әлемнің ұлттық бейнесін қалыптастыратыны сөзсіз [2;44].

Концептіні құрылымдық типтерге жіктеп қарастыру оның мәнін тереңірек түсінуге көмектеседі. Концептіні классификациялау мәселесінде бірқатар ғалымдар өздерінің жіктелімін ұсынған. В.А.Маслова концептіні «күрделі менталды кешен» деп айқындап, төмендегідей жіктейді:

1. Әмбебап концепт
2. Ұлттық-мәдени концепт (адамның белгілі бір ортада өмір сүруіне негізделген)
3. Әлеуметтік концепт (адамның белгілі бір әлеуметтік қабатқа жатуына байланысты)
4. Топтық концепт
5. Индивидуалды-тұлғалық концепт [3;42].

Ал, ғалым М.В.Пименова концептіні когнитивтік лингвистиканың басты зерттеу нысаны ретінде талдап, келесі классификацияны ұсынады:

- а) базалық концептілер: ғарыштық, әлеуметтік, психикалық концептілер;
- ә) дескриптор концептілер: өлшемді сипаттайтын дименсиалды концептілер, сапаны білдіретін квалитативті концептілер; сан мен мөлшерді анықтайтын квантитативті концептілер;
- б) концепт-релятивтер: бағалаушы концептілер, позициялық концептілер, приватив концептілер [4;131].


Ғалым жіктеліміндегі ғарыштық концептілер жүйесін іштей метеорологиялық (ауа- райы, бұлт, найзағай, қар, күн күркіреуі, жауын-шашын, т.б.), биологиялық, ландшафттық және заттық концептілер деп тағы бөліп қарастырады [4;131]. Зерттеу мақаласының басты нысаны – «жаңбыр» концептісі осы жіктелімнің метеорологиялық түріне жатады.

Жалпы алғанда, «жаңбыр» концептісі «табиғат» концептілер жүйесінің негізгі бөлігі. «Табиғат» концептілер жүйесіне жаңбырдан басқа жел, қар, тұман, тас пен тау сияқты құбылыстарды жатқызуға болады. Солардың ішінде, жаңбыр концептісі – қай тілде, қай мәдени кеңістікте болмасын, ерекше қолданысқа ие концептілердің бірі; әрі көркем мәтіндерде оқиғалық жағдаяттарды сипаттауда белсенді пайдаланылатын құрал. «Табиғат құбылыстарына бейімделу – әр адамның бойында бар қасиет. Бұл үрдіс адамның ойлау жүйесінде көрініс табатын, ғасырлар мен мыңжылдықтарға созылатын құбылыс» [5;39].

Табиғат құбылыстарын бейнелейтін концептілер әлемдік ғылыми кеңістікте біршама қарастырылған, ағылшын тіл білімінде: М.Хайдеггер, Дж.Лакофф, М.Джонсон, Р.Джекендофф, орыс тіл білімінде: М.В.Домбровская, В.П.Васильев, Н.Ю.Перфильева, Е.В.Суравикина, К.Л.Федорова, К.А.Малыгина, О.С.Фисенко, Т.А.Попова және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде айтылады. Отандық ғылымда лингвомәдени концептілер турасындағы зерттеулер Н.Уәли, З.Ахметжанова, А.Ислам, Н.Аитова, Қ.Жаманбаева, М.Күштаева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Концептілер когнитивтік лингвистиканың негізгі бірлігі ретінде айтарлықтай зерттелсе де, адам танымның қалыптасуында ерекше маңызға ие табиғат концептілері жөнінде зерттеулер санаулы. Сондықтан, көркем мәтін тіліндегі жаңбыр концептісінің тіларалық беру жағынан қарастыру әртіптес тілдердің арасындағы сәйкестіктері мен ерекшеліктерін тануға ықпал етеді.

Біз өз ізденісімізде жаңбыр концептісін ағылшын және қазақ тілдік-танымдық мәнмәтінінде қарастырамыз. Оның ішінде, көркем аударма тіліндегі жаңбыр концептісінің берілу сипаты арнайы

талданады. Э.М.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» шығармасы – XX ғасырда соғыс тақырыбындағы Америкада ең көп оқылған туындының бірі. Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар арасындағы кезеңде жарық көрген бұл романның басты ерекшелігі оның жасырын мағыналы символикасының көптігінде. Дәстүрлі қазақ қоғамы танымындағы жақсылықтың жаршысы, жаңару мен тазалықтың белгісі танылған «жаңбыр» концептісі аталмыш романда қарама-қарсы коннотацияға ие: жаңбыр - шарасыздық, жалғыздық, қорқыныш, қиындықты бейнелейтін семантикалық өрісті қамтиды. «Қош бол, майдан!» шығармасындағы «жаңбыр» концептісінің когнитивтік модельдерін былайша көрсетуге болады (1-диаграмма):



1-диаграмма. Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романындағы жаңбыр концептісінің когнитивтік модельдері

2-диаграмма. Қазақ танымындағы «жаңбыр» концептісінің вербалды-семантикалық өрісі

Көріп отырғанымыздай, ағылшын көркем шығарма әлемінде «жаңбыр» концептісі өлім, ауру, індет, қараңғылық, қайғы, қорқыныш когнитивтік модельдерін құраса, ал қазақ мәдениетінде «жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты мүлдем өзгеше. Қазақ қоғамы үшін жаңбыр – тазару, жандану, қуаныш, аспаннан төгілген нұр, тіршілік бастауы тәрізді танымнан тұрады (2-диаграмма). Мәселен, «жаңбыр» концептісінің қуаныш мағынасы Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» шығармасында нақты танылады: «Енді міне, Құттыбаевтар Аралдың айдынына қонып, асыр салған қайтқан қаздар құсап, нөсеріне қарамай, мәз-мейрам болып, у- да шу, шат-шадыман! Олар үшін аспаннан ақ жарылқап нұр жауған мейрам еді»[6;154].

«Жаңбыр» сөзі тіршілік бастауы мағынасында Ә.Қайдардың этнолингвистикалық сөздігінде «жаумай қойса, жаңбыр жау» мақалы арқылы көрініс табады. Ғалым «жаумай қойған жаңбырдың адам баласына жау болатын себебі: жаңбыр жаумаса, өсімдік қурайды, егін шықпайды, бау-бақша солады, т.т., құрғақшылық арты жұтқа айналады, мал қырылады, т.б. апаттарға ұласуы мүмкін...» деген анықтама береді [7;126].

Ал, жаңбырды аспан нұры ретінде айқындайтын мына өлең шумақтарына зер салсақ:

«Теңіз де жылы, жаңбыр да жылы – бір керім!  
Табиғат мұнда төгер-ау нұрын кіл-тегін.  
Келдім ғой іздеп тыныштық пенен теңізді, Ендеше  
неге жаңбырдан, судан үркемін?» [8].

Тазару, жандану мәнмәтінінде «жаңбыр» концептісінің сәтті қолданылуын ақындар шығармашылығынан аңғарамыз:

«Көңілдің де беттің де кірі кетіп, Ағушы  
едік даланы дүбірлетіп.  
Ақ найзағай секілді айқыш-ұйқыш Ақ  
жауынның арасын тіліп өтіп.

Аспан жерге түскендей күркірейтін,  
 Күркіресе-ақ болғаны — қыр түлейтін.  
 Шаң-тозаңнан іштегі арылардай,  
 Көкірек те сондай бір күй тілейтін» [8].

Аударма мәтінін когнитивтік типтер деңгейінде зерттеу оның прагматикалық әсері мен экспрессивті қызметін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Когнитивтік типтер арқылы белгілі бір ақпарат адам санасында бейнеленіп, таным деңгейінде өңделіп, концептінің қалыптасуына себеп болады. Лингвокогнитология ғылымы аясындағы қазіргі ізденістер когнитивтік типтерге фрейм (қарапайым форма), схема (сызбалы форма), сценарий (оқиғалы форма), скрипт (күрделі форма), ойсурет (бейнелі форма) құрылымдарды жатқызады. Әр құрылымның негізі - фреймдік жүйе және ол ғылымда жіті зерттелген. Фрейм дегеніміз - адам тәжірибесіндегі нақты фрагменттер жөнінде ақпаратты жинақтаған білімдер құрылымы [9;25]. Е.С.Кубрякованың «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінде келесі формаларға анықтамалар беріледі: Схема – мәтіннің интерпретациясын құру кезінде қолданылатын,

«сөйлеу жағдаятын» қалыптастыратын ақпарат беруші құрал. Сценарий - адам жадында стереотиптік құрылымдар негізінде қалыптастыратын негізгі идеялардың тематикалық жүйесі. Скрипт – табиғи тілді өңдеуде арнайы тапсырманы орындайтын, әдеттегі оқиғалардың өзгерістерін сипаттайтын сана құрылымдарының бір түрі. Ал, ең күрделі әрі терең құрылым – гештальт – адам санасындағы эмоционалдық және рационалдық элементтерді үйлесімді қалыптастыратын, сондай-ақ бейнеленетін құбылыс не объектінің динамикалық және статикалық аспектілерімен тоғысатын тұтас бейне [10;59]. «Қош бол, майдан!» шығармасындағы жаңбыр концептісінің когнитивтік модельдерінің когнитивтік типпен берілу сипатын және оның аударма тіліне жеткізілуін талдасақ.

1. «Жаңбыр» концептісі ауру, індет мағыналарында:

At the start of the winter came the permanent rain and with the rain came the cholera	С наступлением зимы зарядили дожди, а с ними пришла холера [13].	Қыстың түсуімен Қалың жаңбырлар басталды. Жаңбыр оба індетін ала келді [14;5].
--	---	---

[12;4].

Романның алғашқы тарауынан бастап-ақ, автор «жаңбыр» концептісінің танымдық прагматикасымен оқырманды таныстырғысы келеді. «Permanent rain» сөз тіркесі қазақ тіліне

«қалың жаңбырлар» болып еніп; жаңбырдың тоқтамай жауғандығы және сол жаңбырдың себеп-салдары нәтижесінде індет жаулағандығы екі тілде де көрініс табады. Демек, жаңбыр – ауруға жетелейтін құбылыс.

Түпнұсқа тіліндегі сценарийлік құрылым аударма тілдеріне де сценарий формасында берілген, себебі үштілдік санада да нақты оқиғалы форма толық қалыптасады.

2. «Жаңбыр» концептісі қараңғылық, түн мағынасында:

I watched it get dark outside; the darkness came very quickly. It would be a black night with the rain [12;233].	Я смотрел, как темнеет за окном; тьма надвигалась очень быстро. Ночь будет черная, оттого что дождь [13].	Мен сырттың қалай қарауытып, қараңғы тарта бастағанына қарап жатқам; қараңғылық тез қоюланып келе жатты. Жаңбыр жауып тұрғандықтан, күн тастай қараңғы болмақ [14;242].
---	---	--

Берілген мысалда жаңбыр концепт ретінде «тастай қараңғылыққа» себеп болады. Бұл мысалдың ерекшелігі – түпнұсқада бейнеленбеген себеп-салдар байланысы екі тілді аудармада айқын көрінеді. Орыс және қазақ тілді оқырманға бұл байланыстың берілуі

«жаңбыр» концептісінің когнитивтік-коммуникативтік қызметін түсінуін айтарлықтай жеңілдетеді.

Байқағанымыздай, ағылшын тіліндегі «қара түн» қазақ тілінде «тастай қараңғы күн» болып

еніп, фреймдік құрылым сценарийлік типке өткен.

3. «Жаңбыр» концептісінің өліммен байланысы төмендегі мысалдардан көрініс табады:

He looked very dead. It was <i>raining</i> . I had liked him as well as any one I ever knew. I had his papers in my pocket and would write to his family [12;229].	Он выглядел очень мертвым. <i>Шел дождь</i> . Я относился к Аймо так хорошо, как мало к кому в жизни. У меня в кармане были его бумаги, и я знал, что должен буду написать его семье [13].	Ол өлген адамға шынымен ұқсас еді. Мен Аймоны айрықша қадірлейтінмін. Қағаздары қалтамда болатын және отбасына хабарлауға тиісті екендігімді де біліп келе жатқанмын [14;246].
--	---	--

Қазақ тіліндегі аударма алдыңғы мысалдардағыдай сәтті орындалмаған, өйткені оқиға желісіндегі жауып тұрған жаңбыр аударма барысында суреттелмейді. Түпнұсқа авторының жауын астында өлім құшқан солдатты бейнелеуі бекерден бекер болмаса керек – жаңбыр бұл жерде эмоционалды реңкті күшейтуші құрал, бірақ, қазақ тілді аудармашы оны пайдаланбауды ұйғарған. Ал, когнитивтік-коммуникативтік типтерге келсек, сәйкесінше: қазақ тілді оқырман бұл оқиғаның толық сипатын ұғына алмайды, тиісті образ қалыптастыра алмайды, өйткені ағылшын-орыс тілдеріндегі жаңбыр концептісі аясындағы фреймдік форма қазақ тілінде жоғалған.

I am afraid of the <i>rain</i> because sometimes I see me dead in it [12;135].	Я боюсь <i>дождя</i> , потому что иногда мне кажется, что я умру в <i>дождь</i> [13].	<i>Жаңбырдан</i> қорқатын себебім: мен <i>жаңбыр</i> жауып тұрған кезде өлетін сияқтымын [14;145].
--	---	--

Көріп отырғанымыздай, түпнұсқада берілген жаңбыр мен өлім байланысы аударма тілдерінде көрініс тауып, схемалық құрылымдар үш тілді оқырманның таным деңгейінде бейнелеуіне негіз болады.

I could see nothing but the dark and the <i>rain</i> falling across the light from the window. So that was it. The baby was dead [12;349].	Я ничего не видел, кроме темноты и <i>дождя</i> , пересекавшего светлую полосу от окна. Так вот в чем дело! Ребенок был мертвый [13].	Қараңғы түн мен терезеден түскен жарық жолағын тілгілеп жатқан <i>жаңбырдан</i> басқа дәнеңе де көріп отырған жоқ едім. Міне, мәселе қайда! Бала өлі туған боп шықты [14;372].
--	---	---

Түпнұсқа мәтінінде кейіпкердің көптен күткен сәбиінің өлі туылуының суреттелуі ажалдың жаңбырмен байланысын айқындайды. Қазақ тілді аударманың «тілгілеу», «дәнеңе де көрмеу» лексикалық бірліктері арқылы берілуі түпнұсқа мәтініндегі схемалық құрылымнан сценарийлік типке ауысқандығының белгісі. «Nothing» – «ничего» сөзбе-сөз аудармасы орыс тілінде көрініс тапса да, қазақ тілінде аудармашы танымдық реңкті күшейтіп, мағыналас «дәнеңе» сөзін енгізген. Дәнеңе – есім сөз; еш нәрсе, ештеңе, дәнеме [11].

4. Қорқыныш мағынасындағы «жаңбыр» концептісі:

And you'll always love me, won't you?	– А ты меня никогда не разлюбишь?	-Ал, сен мені ешқашан жек көріп кетпейсің ғой?
Yes.	– Нет.	
And the rain won't make any difference?	– И это ничего, что дождь?	-Жоқ.
No.	– Ничего.	-Ал, жаңбыр жауып тұрғаны ештеңе емес пе? -Ештеңе емес.
That's good. Because I'm afraid of the rain [12;134].	– Как хорошо. А то я боюсь дождя [13].	-Қандай жақсы. Әйтпесе мен жаңбырдан қорқам [14;144].

Берілген диалог үзіндісінде қазақ тілді аударманың дәнекер тіліне толықтай бейімделуін байқауға болады. Алайда, бұл фреймдік құрылымдардың адам санасында бірдей деңгейде интерпретациялануына кедергі келтіріп тұрмағаны белгілі.

### Қорытынды

Ізденістің негізіне алынған «Қош бол, майдан!» романындағы «жаңбыр» концептісі көпқырлы әрі астарлы символдық мазмұнға ие болып, тілдік және мәдени танымның күрделі қабаттарын ашады. Романда жаңбыр кейіпкерлердің сана-сезімін, өмірлік өзгерістер мен трагедиялық сәттерді жеткізу құралы ретінде көрініс табады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «жаңбыр» концептісінің лексикалық және символдық сипаттарын салыстыра, салғастыра әрі аударма тұрғысынан зерттеу барысында мына қорытындыға келдік:

Біріншіден, концепт және концептілер жүйесі лингвокогнитология ғылымының зерттеу объектісі ғана емес, аударматану ғылымының аясында да тереңірек зерттеуді қажет ететіндігі айқындалды.

Екіншіден, әртіптес тілдер арасындағы аудармалар барысында лексикалық бірліктер деңгейінде ғана емес, олардың нақты бір ұлт не мәдени кеңістік үшін маңызды мәнге ие концептілер деңгейіне де аса мән беру қажеттігі нақтыланды.

Үшіншіден, қайсыбір концептінің болмасын, басты қызметі – адам санасында өңделіп, нақты бір бейне қалыптастыру. Аударма мәтнінде концептіні когнитивтік-коммуникативтік типтерге талдап, модельдеу осы бейненің бұрмаланбауының кепілі екендігі нақтыланды.

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны келешекте көркем аударма, мәдениетаралық қарым-қатынас және когнитивтік лингвистика бағыттарында толыққанды зерделеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі ретінде танылды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека // 1999. – 896 с
2. Зусман В.Г. Концепт в системе гуманитарного знания: Понятие и концепт // Вопросы литературы. - № 2. - 2003.
3. Маслова В.А. - Когнитивная лингвистика // Мн.: ТетраСистемс, 2008.- 272 с.
4. Пименова М.В. Типы концептов и этапы концептуального исследования // Вестник КемГУ 2013 № 2 (54)
5. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. - Алматы, 2001. № 4.
6. Айтматов Ш. Боранды бекет. Роман. Құс жолы. Хикаят. // Орыс тілінен аударғандар Ш.Мұртаза, Қ.Нұрмаханов. Астана: Аударма, 2011.
7. Қайдар Ә. Қазақтар ана тіліәлемінде: этнолингвистикалық сөздік// А.Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі ин-ты.- Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780б.
8. Жаңбыр жайлы жырлар. // [Электрондық ресурс: <https://massaget.kz/poeziya/janbyir-jaylyi-iyirlar-34427/>] (02.08.2017)
9. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. Воронеж, 1996. – 103с.
10. Кубрякова Е.С. «Краткий словарь когнитивных терминов» // Издательство Московского

государственного университета Москва, 1996. – 245с.

11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. 800 б.

12. Э. Хемингуэй. Қош бол, майдан! – роман // Э. Хемингуэй. Аударған Қ.Қараманұлы. – Қарағанды: «Қасым баспа үйі», 2022. – 382б.

13. Э. Хемингуэй. Прощай, оружие! // Перевод Е.Д.Калашниковой. [Электрондық ресурс: <https://nau-band.ru/book/proshchai-oruzhie-1.html>]; 1936.

14. Hemingway, Ernest. A Farewell To Arms // Vintage Classics, New York. 1999. – 332р.

UDC 80-45

## LEXICAL-SEMANTIC TYPES OF NON-VERBAL MEANS AND THEIR TRANSLATION

**Uteuliyeva Aigerim Amanzholkyzy**

[aigerim.telman@mail.ru](mailto:aigerim.telman@mail.ru)

PhD student, L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

Supervisor – Zh.M.Konyratbayeva

Many people believe that expressing mental states through non-verbal behavior makes communication more effective. In other words, if a person does not use body language during speech, they think that their message will be dull and the words they use will sound dry. French psychologist Albert Mehrabian found that only 7% of communication is done through verbal means (i.e., words), 38% is done through sound and intonation, and 55% is non-verbal. [1]

In her doctoral thesis, Zh. Nursultankyzy defines nonverbal communication as follows: nonverbal techniques are a form of communication that complements verbal communication, provides additional meaning, continues the communicative process, and helps ensure mutual understanding between people. [2]

However, we believe that the role of nonverbal communication highlighted by the author as an auxiliary means is only one aspect of its functions. Sometimes, non-linguistic communication can express a complete thought on its own.

During the 1950s, non-verbal communication became the subject of serious research in foreign linguistics. Scientists such as Gustav Spencer, Wilhelm Wundt, Charles Darwin, and others, including Benjamin Whorf, Albert Piz, Galina V. Kolshansky, Georgy E. Kreidlin, and Alexander S. Sternin, and Pavel S. Tumarkin, paid attention to this issue.

At the beginning of the 20th century, Kazakh linguists, such as Zhusupbek Aimauytov and Magzhan Zhumabayev, were among the first to recognize this problem and use the term "kinema."

Non-linguistic or non-verbal forms of communication can be intentional or habitual. These forms have been the focus of recent research, but there are still unresolved issues in the literature, such as how to classify them and what to call them.

Among foreign researchers who classified non-verbal communication, Kreidlin and Sadokhin stand out. Kreidlin includes the following disciplines in modern non-verbal semiotics:

1. Paralinguistics (the study of additional speech sounds that are used in communication and can convey specific information). 2. Kinesics (the study of gestures and body movements). 3. Oculistics (the study of eye behavior and eye language during communication). 4. Auscultation (the perception of auditory signals and their significance, as well as auditory behavior in communication). 5. Haptics (touch communication and the study of tactile languages). 6. Gastics (the role of food, drink, and other items in communication). 7. Olfaction (the role of odors in communication). 8. Proxemics (spatial aspects of communication, including personal space and distance). 9. Chronemics (time aspects of communication). 10. Systemology (systems of objects and their meanings in communication). [3]

Sadokhin's book "Theory and Practice of Intercultural Communication" provides a comprehensive overview of these categories and their importance in effective communication. According to Sadokhin (2019), all non-verbal communication can be categorized into the following types: